5) халықты жұмыспен қамту орталықтары қысқа мерзімді кәсіптік оқу бағдарламасына іске асыру үшін оқу орындарымен шарт жасасады, оның шеңберінде үміткерлерді қысқа мерзімді оқыта жіберу жүзеге асырылады;

6) халықты жұмыспен қамту орталықтары үш жұмыс күні ішінде үміткерлерді аудандық (қалалық) комиссия қабылдаған шешім туралы хабардар етеді және оларға білім беру ұйымдарына жолдама береді. Ауылдық елді мекендерде тұратын үміткерлер ауылдық округтер мен елді мекендердің әкімдері арқылы хабардар етіледі;

7) білім беру ұйымдары қысқа мерзімді кәсіптік оқыта қабылдауды аудандық (қалалық) комиссия шешімінің негізінде үш жұмыс күні ішінде жүзеге асырады.

Білім беру ұйымдары оқушыларды қабылдағанынан кейін бес жұмыс күнінен кешірімей және есепті айдан кейінгі айдың 1-күніне дейінгі мерзімде ай сайынғы негізде халықты жұмыспен қамту орталықтарына білім беру саласындағы уәкілетті орган бекітетін Техникалық және кәсіптік білімі бар кадрларды даярлауды және қысқа мерзімді кәсіптік оқуды ұйымдастыру қағидаларына сәйкес белгіленген нысан бойынша тегін, атын, екісіннің атын (бар болса), ЖСН (бар болса), жасын, олар таңдаған мамандықтарын, оқу топтары мен ұзақтығын көрсете отырып, оқытылатын Бағдарламаға қатысушылардың тізімдерін (портал арқылы электрондық түрде/қолма-қол) және қабылдау туралы біұырқыты ұсынады;

8) қысқа мерзімді кәсіптік оқуды аяқтаған және біліктілік емтиханын тапсырған Бағдарламаға қатысушыларға білім беру ұйымы белгіленген үлгідегі куәлік, біліктілік беру туралы сертификат береді.

Білім беру ұйымы білім беру саласындағы уәкілетті орган бекітетін Техникалық және кәсіптік білімі бар кадрларды даярлауды және қысқа мерзімді кәсіптік оқуды ұйымдастыру қағидаларында көзделген жағдайларда Бағдарламаға қатысушыларды аудандық (қалалық) комиссиямен келісу бойынша оқудан шығаруға құқығы бар.

Халықты жұмыспен қамту орталықтары халықты жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі жергілікті атқарушы органдарға Кадрларды даярлау және оқыту қағидаларына сәйкес белгіленген нысан бойынша есепті айдан кейінгі айдың 3-күніне дейінгі мерзімде ай сайынғы негізде оқушылар жөнінде статистикалық есептілік ұсынады.

Білім беру ұйымдарында қысқа мерзімді кәсіптік оқудың құнын облыстық деңгейдегі білім беру саласындағы жергілікті атқарушы органдардың ұсынмасы бойынша жыл сайын білім беру бағдарламаларының талаптарына сәйкес білім беру процесіне арналған шығыстарға сүйене отырып өңірлік комиссиялар белгілейді және өндірістің тәлімгерлердің еңбегіне де ақы төлеуді көздейді.

Қысқа мерзімді кәсіптік оқу аяқталғаннан кейін халықты жұмыспен қамту орталықтары Заңға сәйкес Бағдарламаға қатысушыларға жұмысқа орналасуға жәрдемдеседі».

Бағдарламаның бірінші бағытын іске асыру шеңберінде тараптардың өзара іс-әрекетін ұйымдастыру:

мынадай мазмұндағы екінші бөліктен толықтырылсын:

«Бірінші бағыт шеңберінде оқудан өтетін Бағдарламаға қатысушыларға мынадай мөлшерде:

1) облыс шегінде, бірақ Бағдарламаға қатысушылар тұрақты тұратын елді мекендерінен тыс орналасқан білім беру ұйымдарында білім алған барлық кезеңде оқу орнына баруға және қайтуға 4 айлық есептік көрсеткіш (бұдан әрі – АЕК) мөлшерінде жол жүруге материалдық көмек беріледі;

2) Астана, Алматы қалаларында, Атырау және Маңғыстау облыстарында тұруға ай сайын 10 АЕК мөлшерінде, қалған облыстарды 5 АЕК мөлшерінде материалдық көмек беріледі.



(Соңы. Басы 9-бетте)

5) ауылдық елді мекендерде (олардың әкімшілік бағыныстылығына қарамастан), шағын калаларда және калаларда кредит/микрокредит Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес айқындалатын орта және ірі кәсіпорындар субъектілеріне берілмейді;

6) негізгі қарызды өтеу бойынша жеңілдікті кезеңді және кредитордың шешімі бойынша кредит/микрокредит беру мерзімінің ұзақтығы үштен бір бөліктен аспайтын мерзімде сыйақы алу мүмкіндігі;

7) МҚҰ/КС/ЕДБ/ «АШКҚК» АҚ және Бағдарламаға қатысушы арасындағы кредит/микрокредит беру туралы шарттарда ісін жаңа бастаған кәсіпкерлердің жобаларын қоспағанда, міндетті түрде жаңа жұмыс орындарын құру бойынша шарт көрсетіледі;

8) агроөнеркәсіптік кешенді дамыту саласындағы уәкілетті орган бекітетін Шағын калаларда және ауылдық елді мекендерде кредит/микрокредит беру қағидаларына сәйкес қарыздың мерзімдері мен сомалары Бағдарламаға қатысушы қызметінің бағыттарына сәйкес айқындалады;

9) ЕДБ/МҚҰ/КС/ «АШКҚК» АҚ қаржы жылында бұрын берілген кредиттер/микрокредиттер бойынша, оның ішінде «Жұмыспен қамту-2020 жол картасы» бағдарламасы шеңберінде берілген кредиттер/микрокредиттер бойынша соңғы қарыз алушылар қайтарған қаражат есебінен көрсетілген қаржы жылынан кейінгі 6 (алты) айдан кешіктірмей қалта кредит/микрокредит беруді жүзеге асырады.

Көрсетілген 6 (алты) ай өткенге дейін аталған қаражат игерілмеген жағдайда, МҚҰ/КС/ЕДБ/«АШКҚК» АҚ олардың тиісті бюджетке қайтарылуын қамтамасыз етеді.

Калаларда кредиттер/микрокредиттер беру тәртібі кәсіпкерлік мәселелері жөніндегі уәкілетті орган бекітетін Қалаларда кредит беру/микрокредит беру қағидаларында айқындалады.

Ауылдық елді мекендерде және шағын калаларда кредиттер/микрокредиттер беру тәртібі агроөнеркәсіптік кешенді дамыту саласындағы уәкілетті орган бекітетін Шағын калаларда және ауылдық елді мекендерде кредит беру/микрокредит беру қағидаларында айқындалады.

Ауылдық елді мекендерде және шағын калаларда бизнес-жобаларды іске асыратын немесе іске асыруды жоспарлайтын Бағдарламаға қатысушылар үшін кредиттер/микрокредиттер беру тетігі:

1) үміткерлер тікелей не ӨКП аудандық филиалдары/ауылдық округтер мен елді мекендердің әкімдері арқылы кәсіпкерлік қызметке жәрдемдеу шаралары бойынша консультациялар және Бағдарламаға қатысушыларға қойылатын талаптарға сәйкес келуі турғысынан тексеруден өту үшін халықты жұмыспен қамту орталықтарына жүгінеді;

2) микробизнес ашуды жоспарлайтын кәсіпкерлік негіздеріне оқыту курстарынан өткендігі туралы сертификаттары жоқ үміткерлер және мүдделі үміткерлер «Бастау Бизнес» жобасына немесе Бағдарламаның бірінші бағыты бойынша кәсіпкерлік негіздеріне оқыту курстарына қатысу үшін жіберіледі;

3) халықты жұмыспен қамту орталықтары «Еңбек нарығы» ААЖ-да тексеру нәтижелері бойынша оқыту курстарынан өткендігі туралы сертификаттары бар (микробизнес алушылар үшін міндетті) үміткерлерді агроөнеркәсіптік кешенді дамыту саласындағы уәкілетті орган бекітетін Шағын калаларда және ауылдық елді мекендерде кредит беру және микрокредит беру қағидаларында көзделген құжаттарды қоса бере отырып, кредит/микрокредит алуға арналған өтінішпен МҚҰ/КС/ «АШКҚК» АҚ-ға жіберіледі;

4) МҚҰ/КС/ «АШКҚК» АҚ әлеуетті бизнес-жобаны бағалауды жүргізеді, кредит/микрокредит беру мүмкіндігі немесе мүмкін еместігі туралы қорытынды береді және шешім қабылдайды;

5) МҚҰ/КС ай сайын, есепті айдан кейінгі айдың 1-күніне дейінгі мерзімде микрокредит беру ұйымына берілген кредиттер/микрокредиттер бойынша ақпарат ұсынады. Микрокредит беру ұйымы және «АШКҚК» АҚ ай сайын, есепті айдан кейінгі айдың 3-күніне дейінгі мерзімде ауыл шаруашылығы мәселелері жөніндегі жергілікті атқарушы органға агроөнеркәсіптік кешенді дамыту саласындағы уәкілетті орган бекітетін Шағын калаларда және ауылдық елді мекендерде кредит беру және микрокредит беру қағидаларында белгіленген нысанға сәйкес берілген кредиттер/микрокредиттер бойынша ақпарат ұсынады;

6) МҚҰ/КС/ «АШКҚК» АҚ кредит/микрокредит берген күннен бастап тоқсан күн ішінде кредиттің/микрокредиттің мақсатты пайдаланылуына мониторинг жүргізеді. Кредиттердің/микрокредиттердің мақсатты пайдаланылуы бойынша есеп МҚҰ/КС/Микрокредит беру ұйымына тоқсан сайын, есепті кезеңнен кейінгі айдың 10-күніне дейінгі мерзімде агроөнеркәсіптік кешенді дамыту саласындағы уәкілетті орган бекітетін Шағын калаларда және ауылдық елді мекендерде кредит беру және микрокредит беру қағидаларында белгіленген нысанға сәйкес ұсынылады;

7) микрокредит беру ұйымы мен «АШКҚК» АҚ тоқсан сайын, есепті кезеңнен кейінгі айдың 20-күніне дейінгі мерзімде ауыл шаруашылығы және халықты жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі жергілікті атқарушы органдарға агроөнеркәсіптік кешенді дамыту саласындағы уәкілетті орган бекітетін Шағын калаларда және ауылдық елді мекендерде кредит беру және микрокредит беру қағидаларында белгіленген нысанға сәйкес кредиттердің/микрокредиттердің мақсатты пайдаланылуы бойынша есеп (портал арқылы электрондық түрде/ қолма-қол) береді.

Шағын калалардан басқа калаларда кредиттер/микрокредиттер беру тетігі:

1) үміткерлер тікелей не ӨКП аудандық филиалдары/калалардың және қала құрамындағы аудандардың әкімдіктеріне кәсіпкерлік қызметке жәрдемдеу шаралары бойынша консультациялар алу және Бағдарламаға қатысушыларға сәйкес келуі турғысынан тексеруден өту үшін халықты жұмыспен қамту орталықтарына жүгінеді;

2) кәсіпкерлік негіздеріне оқыту курстарынан өткендігі туралы сертификаттары жоқ мүдделі үміткерлер кәсіпкерлік негіздеріне оқыту курстарына қатысу үшін жіберіледі;

3) халықты жұмыспен қамту орталықтары үміткерлерді «Еңбек нарығы» ААЖ-да тексеру нәтижелері бойынша және оқыту курстарынан өткендігі туралы сертификаттарымен (бар болса) МҚҰ/ЕДБ-ға жібереді;

4) Бағдарламаға қатысушылар жобаның бизнес-жоспарын әзірлейді және кредит/микрокредит алу үшін өтінішпен ЕДБ/МҚҰ-ға жүгінеді;

5) ЕДБ/МҚҰ әлеуетті бизнес-жобаны бағалауды жүргізеді, кредит/микрокредит беру мүмкіндігі немесе мүмкін еместігі туралы қорытынды береді және шешім қабылдайды;

6) ЕДБ/МҚҰ ай сайын, есепті айдан кейінгі айдың 3-күніне дейінгі мерзімде Бағдарлама шеңберінде берілген кредиттер/микрокредиттер бойынша микрокредит беру ұйымына ақпарат ұсынады;

7) микрокредит беру ұйымы кәсіпкерлік және халықты жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі жергілікті атқарушы органға кәсіпкерлік мәселелері жөніндегі жергілікті атқарушы орган мен микрокредит беру ұйымы арасындағы кредиттік келісімде белгіленген нысанға сәйкес ай сайын, есепті айдан кейінгі айдың 6-күніне дейінгі мерзімде берілген кредиттер/микрокредиттер бойынша (портал арқылы электрондық түрде/қолма-қол) ақпарат ұсынады;

8) микрокредит беру ұйымы берілген кредиттердің/микрокредиттердің мақсатты пайдаланылуына мониторингті жүзеге асырады және кредиттің келісімде белгіленген нысанға сәйкес тиісті ақпаратты есепті айдан кейінгі айдың 15-күніне дейінгі мерзімде кредиттер/микрокредиттер беру және олардың мақсатты пайдаланылуы туралы тоқсан сайынғы есепті кәсіпкерлік мәселелері жөніндегі жергілікті атқарушы органдарға ұсынады.

«5.2.3. Калалардағы және ауылдағы микрокредиттерге кепілдік беру» деген тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«5.2.3. Калалардағы және ауылдағы кредиттерге/микрокредиттерге кепілдік беру Кепілдік МҚҰ/КС/ЕДБ 2017 жылғы 1 қантардан бастап:

1) ауылдық елді мекендерде (олардың әкімшілік бағыныстылығына қарамастан), және шағын калаларда микробизнес ашуга, жұмыс істеп тұрған бизнесті кеңейтуге, кооперативтер құруға;

2) калаларда жаңа микрокәсіпорындар құруға, жұмыс істеп тұрған бизнесті кеңейтуге берілген кредиттер/микрокредиттер бойынша ғана ұсынылады.

Ауылдық елді мекендерде және шағын калаларда берілетін кредиттерді/микрокредиттерді кепілдендіруді – «ҚазАгроКепіл» АҚ, калаларда – «Даму» ҚДҚ» АҚ жүзеге асырады.

Кредиттерге/микрокредиттерге кепілдік бергені үшін жергілікті атқарушы органдардан алынатын комиссиялардың мөлшері ауылдық елді мекендерде және шағын калаларда кепілдік мөлшерінен 30%-ды, калаларда – 20%-ды құрайды.

Бағдарламаға қатысушылар үшін кепілдік ақысыз негізде ұсынылады.

Кепілдіктердің мөлшері:

1) ісін жаңа бастаған кәсіпкер үшін кредит/микрокредит сомасынан 85%-дан аспайды;

2) жұмыс істеп жүрген кәсіпкер үшін кредит/микрокредит сомасынан 50%-дан аспайды.

Кепілдік берілуге тиіс кредит/микрокредит сомасы сегіз мың АЕК-тен аспайды. Кепілдік жүзеге асырылатын МҚҰ/КС/ЕДБ кредиттері/микрокредиттері бойынша сыйақының номиналды мөлшерлемесі 6%-дан аспайды.

Кредиттер/микрокредиттер бойынша ішінара кепілдікті қаржыландыру кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы мәселелері жөніндегі жергілікті атқарушы орган мен кепілгер арасындағы тиісті шартқа қол қою жолымен жергілікті бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады. Облыстың бір әкімшілік аумақтық бірлігінде кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы мәселелері жөніндегі жергілікті атқарушы органдар Бағдарлама шеңберінде екі кепілгерді тартуына болады.

Бағдарлама шеңберінде кепілдік беру көлемі тиісті қаржы жылына жасалатын кепілдік шарттары бойынша комиссияларды төлеу үшін бөлінген бюджет қаражаты шегінде жүзеге асырылады.

Шығарылған кепілдіктер үшін ақы төлеу мақсатында кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы мәселелері жөніндегі жергілікті атқарушы органдар келесі жылдың басында микроқаржы ұйымдарының кредиттеріне кепілдік беру үшін комиссияларға бөлінген нысаналы трансферттер сомасының 50%-ын кепілгерлерге аударды. Нысаналы трансферттердің қалған бөлігі жылдың басында кепілгерлерге аударылған қаражаттың бірінші жартысы толық игерілгеннен кейін кепілдік шарттарының жасалуына қарай кепілгерлерге аударылады.

Кепілдік шартының жасалу фактісі бюджет қаражаты игерілуінің ратамасы болып табылады.

Кепілдік шығарылған міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету үшін кредиттің/микрокредиттің қолданылу мерзіміне ұсынылады.

Кепілгер Кепілдік беру қағидаларында және/немесе кепілдік шартында белгіленген жағдайларда кепілдік ұсынудан бас тартуға құқылы.

Кредиттер/микрокредиттер бойынша ішінара кепілдік беру тәртібі мен шарттары

агроөнеркәсіптік кешенді дамыту саласындағы уәкілетті орган бекітетін Ауылдық жерлерде және шағын калаларда микроқаржы ұйымдары/кредиттік серіктестіктер беретін кредиттер/микрокредиттер бойынша кепілдік беру қағидаларында айқындалады. Калаларда кредиттер/микрокредиттер бойынша ішінара кепілдік беру тәртібі мен шарттары кәсіпкерлік мәселелері жөніндегі уәкілетті орган бекітетін Қалаларда микроқаржы ұйымдары/екінші деңгейдегі банкет беретін кредиттер/микрокредиттер бойынша кепілдік беру қағидаларында айқындалады.»

«5.3 Үшінші бағыт: халықты жұмыспен қамтуға жәрдемдесу және еңбек ресурстарының ұтқырлығы арқылы еңбек нарығын дамыту» деген кіші бөлімде:

екінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Бағдарламаның үшінші бағытының операторы болып табылады»;

«5.3.2. Еңбек ресурстарының ұтқырлығын арттыру» деген тармақта: төртінші және бесінші бөліктер мынадай редакцияда жазылсын:

«Бағдарламаға қатысушыларды ерікті түрде қоныстандыру:

1) жұмыс күші көп облыстардан (бұдан әрі – шығу өңірлері) жұмыс күші тапшы облыстарға (бұдан әрі – келу өңірлері);

2) бір облыс шегінде – мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үй бөлу және тұрақты жұмыс орнына жұмысқа орналасу мүмкін болған жағдайда экономикалық әлеуеті төмен ауылдардан облыстық (аудандық) маңызды бар калаларға жүзеге асырылады.

Алматы, Жамбыл, Маңғыстау, Оңтүстік Қазақстан, Қызылорда облыстары кейінгі 10 жылда облыстағы халық саны жыл сайын 2 %-ға артық өсетін және/немесе халқының тығыздығы шаршы километрге 6,4 артық адамды құрайтын шығу өңірлері деп айқындалған.»

жетінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«Бағдарламаға қатысушыларды мемлекеттік қолдау көшуге және тұрғын үй жалдауға (жалға алуға) және коммуналдық қызметтерге ақы төлеу шығыстарын өтеуге субсидиялар беруді қамтиды:

1) шығу өңірлерінен қоныстану өңірлеріне көшуге арналған субсидия – әрбір отбасы мүшесіне отыз бес еселенген айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде бір рет;

2) бір облыс шегінде көшуге арналған субсидия – әрбір отбасы мүшесіне жиырма бес еселенген айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде бір рет;

3) тұрғын үйді жалдау (жалға алу) бойынша шығыстарды өтеуге субсидия – қалалық жерге негізге аударылған үшін он екі ай бойы ай сайын;

3.1) бір айдан үшін – жиырма еселенген айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

3.2) отбасы мүшелерінің саны екеуден төртеуге дейін болса – жиырма бес еселенген айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

3.3) отбасы мүшелерінің саны бесеу және одан көп болған кезде – отыз еселенген айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде төленеді;

4) тұрғын үйді жалдау (жалға алу) бойынша шығыстарды өтеуге және коммуналдық қызметтерге ақы төлеуге субсидиялар – ауылдық жерлерге қоныс аударушылар үшін он екі ай бойы ай сайын;

4.1) бір айдан үшін – он бес еселенген айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

4.2) отбасы мүшелерінің саны екеуден төртеуге дейін болса – он сегіз еселенген айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

4.3) отбасы мүшелерінің саны бесеу және одан көп болған кезде – жиырма бір еселенген айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде төленеді.

Ерікті түрде қоныс аударуға қатысушының келісімімен олардың жеке меншігіне тұрғын үй сатып алу үшін өңірлік комиссия ұсынымдарының негізінде отбасына бір жылға аударылған сома шегінде біржолғы субсидия сомасын төлеуге жол беріледі.

Отбасына жылына тұрғын үйді жалдау (жалға алу) және коммуналдық қызметтерге ақы төлеу бойынша шығыстарды өтеуге есептелген сома шегінде меншікке тұрғын үйді сатып алу үшін біржолғы төлем алын ала сату-сатып алу шарты болған кезде жүзеге асырылады.

Егер қоныстану өңірлерінде сатып алынған тұрғын үйдің құны:

1) біржолғы төлем мөлшерінен төмен болса, сомалар айырмасы Бағдарламаға қатысушыда қалады;

2) біржолғы төлемнің мөлшерінен жоғары болса, құнының айырмасын Бағдарламаға қатысушы өзінші ақшалай қаражаты есебінен өтейді.

Ауылдардан калаларға қоныс аудару шараларын іске асыру жергілікті бюджет есебінен жүзеге асырылады.»

«Жергілікті атқарушы органдардың 2017 жылғы 1 қантарға дейін ұсынған өтінімдері бойынша Шығыс Қазақстан және Солтүстік Қазақстан облыстарына баратын Бағдарламаға қатысушылардың мемлекеттік қолдау шараларын ұсыну тетігі» деген бөлім мынадай мазмұндағы жетінші бөліктен толықтырылсын:

«Жұмыспен қамту 2020 жол картасы» бағдарламасының шеңберінде салынған (сатып алынған) жатақханаларға және қызметтік тұрғын үйте қоныстану үшін Бағдарламаға әлеуетті қатысушылар халықты жұмыспен қамту орталықтарына жүгінеді:

халықты жұмыспен қамту орталығы жұмыс берушілердің қажеттіліктерін ескере отырып, Бағдарламаға қатысушылардың құжаттарын қатысуға іріктеу өлшемшарттарына сәйкес келуі турғысынан қарайды және 10 жұмыс күні ішінде құжаттарды Бағдарламаны іске асыру жөніндегі аудандық (қалалық) комиссияның қарауына жолдайды;

Бағдарламаны іске асыру жөніндегі аудандық (қалалық) комиссия өтініш берушілерді Бағдарламаға қатысушылар құрамына қосу немесе қосудан бас тарту туралы шешім қабылдайды, бұл туралы халықты жұмыспен қамту орталықтарын хабардан етеді;

халықты жұмыспен қамту орталығы өтініш білдірушілерді Бағдарламаға қатысушылар құрамына қосу немесе қосудан бас тарту туралы шешім қабылданған күннен бастап 5 жұмыс күні ішінде үміткерді хабардар етеді;

Бағдарламаға қатысушылар тізіліміне қосылған адамдар мен халықты жұмыспен қамту орталығы арасында әлеуметтік келісімшартқа қол қойылады, ол қошу бойынша әлеуметтік қолдаумен бірге жаңа тұрғылықты жерінде жұмысқа орналасу бойынша іс-шараларды қамтиды.»

мынадай мазмұндағы ауылдан қалаға қоныс аударуды ұйымдастыру үшін мемлекеттік қолдау шараларын ұсыну тетігімен толықтырылсын:

«Ауылдан қалаға қоныс аударуды ұйымдастыру үшін мемлекеттік қолдау шараларын ұсыну тетігі:

1) халықты жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі жергілікті атқарушы орган азаматтардың ерікті түрде қоныс аударуын ұйымдастыру үшін өңірлік комиссияның қарауына облыс негіпіндегі ауылдар мен облыстық (аудандық) маңызды бар калалар тізбесінің жобасын енгізеді;

2) өңірлік комиссия 3 жұмыс күні ішінде азаматтардың ерікті түрде қоныс аударуын ұйымдастыру үшін облыс шегіндегі ауылдар мен облыстық (аудандық) маңызды бар калалардың тізбесін қарап, бекітеді және тізбені халықты жұмыспен қамту орталықтарына/ауылдық округ әкімдеріне жібереді;

3) халықты жұмыспен қамту орталықтары/ауылдық округтер әкімдері ауылдар мен облыстық (аудандық) маңызды бар калалардың бекітілген тізбесіне сәйкес халық арасында ерікті түрде қоныс аудару мүмкіндіктері туралы түсіндіру жұмыстарын жүргізеді;

4) облыс шегінде қоныс аударуды жоспарлайтын Бағдарламаға қатысқысы келетін адамдар тұрғылықты жері бойынша халықты жұмыспен қамту орталықтарына/ауылдық округ әкімдеріне жүгінеді;

5) халықты жұмыспен қамту орталықтары/ауылдық округ әкімдері үміткерлерді Бағдарламаға қатысу тәртібі мен шарттары және мемлекеттік қолдау шараларын қорсету туралы хабардар етеді;

6) халықты жұмыспен қамту орталықтары бір аудан ішінде және облыс шегінде көшуді жоспарлайтын үміткерлердің тізімін қалыптастырады;

7) үміткерлер келіспен жағдайда халықты жұмыспен қамту орталықтарына халықты жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті орган бекітетін Жұмыс күшінің ұтқырлығын арттыру үшін адамдардың ерікті түрде қоныс аудару қағидаларына сәйкес құжаттарды қоса бере отырып, нысан бойынша өтініш береді;

8) халықты жұмыспен қамту орталықтары 5 жұмыс күні ішінде Бағдарламаға қатысушыларды қатарына қосу туралы өтінішті және басқа ауданға көшкісі келетіндердің құжаттарын – облыстың халықты жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі жергілікті орғаны, аудан ішінде – Бағдарламаны іске асыру жөніндегі аудандық (қалалық) комиссияның қарауына жібереді және бұл туралы өтініш берушілерді хабардар етеді;

9) облыстың халықты жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі жергілікті орғаны облыс шегінде облыстық (аудандық) маңызды бар қалаға көшкісі келетіндерден өтініштер мен құжаттар келіп түскен күннен бастап 5 жұмыс күні ішінде оларды өңірлік комиссияның қарауына жібереді;

10) өтініші берген адамдардың құжаттарын қарау қорытындылары бойынша 5 жұмыс күні ішінде:

аудандық (қалалық) комиссиялар бір аудан ішінде көшетін азаматтарға қатысты Бағдарламаға қатысушылар құрамына енгізу не енгізуден бас тарту туралы ұсынымдар әзірлейді;

өңірлік комиссиялар бір облыс шегінде көшетін азаматтарға қатысты Бағдарламаға қатысушылар құрамына енгізу не енгізуден бас тарту туралы ұсынымдар әзірлейді.

11) аудандық (қалалық) және өңірлік комиссиялар 2 жұмыс күні ішінде әзірленген ұсынымдарды тиісті халықты жұмыспен қамту орталықтарына жібереді;

12) өңірлік және аудандық (қалалық) комиссияның отырысы Бағдарламаға қатысуға өтініштер мен құжаттардың келіп түсуіне қарай өткізіледі;

13) халықты жұмыспен қамту орталықтары 5 жұмыс күні ішінде ұсынымдардың негізінде азаматтарды ауылдардан қалаға қоныс аудару үшін Бағдарламаға қатысушылардың құрамына қосу не қосудан бас тарту туралы шешім қабылдайды;

14) халықты жұмыспен қамту орталықтары 5 жұмыс күні ішінде ауылдардан қалаға қоныс аударуға қатысатын адамдарды қабылданған шешім туралы хабардар етеді. Халықты жұмыспен қамту орталықтары Бағдарламаға қатысушымен жеке әлеуметтік келісімшарт жасасады.»

5.3.3-тармақта:

«Еңбек біржас» еңбек нарығының біріншай ақпараттық базасын қалыптастыру және сүйемелдеу кезіндегі өзара іс-қимыл тетігінде:

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«1) Бағдарламаның тетіктеріне сәйкес «Еңбек нарығы» ААЖ мен порталды қоса алғанда, «Еңбек біржас» еңбек нарығының біріншай ақпараттық базасын республикалық деңгейде сүйемелдеуді Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің «Еңбек нарығын дамыту орталығы» АҚ қамтамасыз етеді»;

Бағдарламаны институционалдык ұйымдастыруда:

оныншы және он бірінші бөліктер мынадай редакцияда жазылсын:

«Кәсіпкерлік мәселелері жөніндегі жергілікті атқарушы органдар:

1) ӨКП-мен бірлесіп Бағдарламаға қатысушыларды «Бастау Бизнес» жобасы бойынша кәсіпкерлік мәселелері жөніндегі уәкілетті ұйымдастырады;

2) микрокредит беру ұйымының қарыз шарттары бойынша бюджет кредитінің қаражатын ұсынады;

3) кредиттер/микрокредиттер бойынша ішінара кепілдік беру шараларын іске асыру үшін қаржылай қаражат бөледі;

4) ауылда және ауд